

1965-1985 жылдағы Қазақстан мәдениеті



Мажитов Муротвой
ЖМ-404




Жоспар:

- 1. Қазақстан «кемелденген социалистік қоғам» кезеңінде**
- 2. 1965 жыл шаруашылық реформа**
- 3. 1965-1985 жылдағы Қазақстанның экономикасы**
- 4. Қорытынды**
- 5. Пайдаланылған әдебиеттер**

КОКП ОК-нің 1964 жылғы қазан пленумында партия мен ел басшылығы ауыстырылды. КОКП ОК-нің бірінші хатшылығына Л. И. Брежнев сайланды.



Осыдан көп
ұзамай Жоғарғы
Кеңеске А. Н.
Косыгинді Кеңес
үкіметінің басшысы
етіп тағайындады



60-жылдардың орта шеніндегі бетбұрыстың басты мазмұны мен негізгі бағытын шаруашылық реформасы айқындады. КОКП ОК-нің 1965 жылғы қыркүйек пленумы өнеркәсіпті салалық принцип бойынша басқару және өнеркәсіп салалары бойынша одақтық-республикалық министрліктер құру дұрыс деп тапты. 60-жылдардың ортасында шаруашылық реформалары жүрпзілді. Бұл бес-жылдық тіпті «алтын бесжылдық» деген атқа ие болды.

60-жылдардың ортасында кеңес экономикасын барынша нығайтуға тырысқан ел басшылығы жаңа шаруашылық реформаларын жүргізе бастады. Бұл бір уақытта бірнеше саланы - өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығын қамтыған. Сол кездегі КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы А.Н.Косыгин бастаған реформашыл күштер экономиканы басқарудағы әкімшілікті сынай отырып, өнеркәсіп салалары бойынша одақтық республикалық министрліктер құруды ұсынды. Кәсіпорындарға дербестік берілді. 1965 жылы алтыншы шақырылған КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясы өнеркәсіпті басқару жүйесіне өзгерістер енгізу мен бірқатар мемлекеттік жоспарлау органдарын қайта құру жөнінде заң қабылдады. Осыған сәйкес өзгерістер Қазақ КСР Конституциясының мәтініне де енді.

Республикада бірқатар одақтық-республикалық салалық министрліктер түсті металлургия, геология, мелиорация мен су шаруашылығы т. б. құрылып, құрылыс материалдары, орман, целлюлоза-қағаз, ағаш өңдеу, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары біріктірілді. Бұл шаралар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы қолайсыз бағытта өрістеуін белгілі бір уақытқа тежеп, экономикадағы хал-ахуалды жақсарту үшін жаңа алғышарттар қалыптастырды. Мұндай қажеттілік 60-жылдардың бас кезінде, КСРО қуатты экономикалық және ғылыми әлеуметке ие болған кезде пісіп-жетілді.

Ғылымның дамуының ерекше жетістігі - 1961 жылы 12 сәуірде [Ю.А.Гагариннің](#) адамзат тарихында алғаш рет ғарышқа сапар шегуі болды. Бұл тарихи оқиға экономиканы ғылыми-техникалық революцияның жетістіктеріне сүйенген ғылыми-өнеркәсіптік өндіріске көшіруді бастаудың қажеттілігін көрсетті. Бұл оқиғаның құрметіне қазақтың жас ақыны [Олжас Сүлейменов](#) «Адамға табын, Жер, енді!» атты поэмасын жазды.



ЗЕМЛЯ,
ПОКЛОНИСЬ
ЧЕЛОВЕКУ!

1965 жылғы реформаның нәтижесі

Б. Біржановтың есептеулері бойынша, тек Атырау (бұрынғы Гурьев) облысының өзінде ғана 1970 жылы 69,6 шаршы метр тұрғын көлемі бар 1 807 пәтер, 109 орынға арналған асхана, 250 орынға арналған 5 балалар бақшасы, 880 орны бар 2 мектеп салынып, іске қосылды, 46 елді мекен электрлендіріліп, 2 551 пәтерге газ берілді.

Көптеген елді мекендерде коммуналдық жағдайлары бар сапалы үйлер салынып, жолдарға асфальт төселді, ауылдар көгалдандырылды. Бірқатар шағын елді мекендер мен шопан үйлеріне электр жарығы жеткізілді.

1965-1985 жылдағы Қазақстанның экономикасы

1970-1985 жылдар арасында өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі екі есеге өсті, ал машина жасау, химия өнеркәсібі өнімі үш есе артты. Мыңға жуық өнеркәсіп орындары мен цехтар іске қосылды. Олар—Қазақ газ өңдеу зауыты,
—Шевченко пластмасса зауыты,
—Қарағанды резеңке-техникалық бұйымдарын шығаратын зауыты, —Павлодар және Шымкент мұнай өңдеу зауыттары, —Қарағанды металлургия комбинатындағы ақ қаңылтыр шығару цехы, Екібастұз және Ермак ГРЭС-і, —
Қапшағай ГЭС-і,
—Жәйрем тау-кен комбинаты және т.б. болды.

Маңғыстау, Қаратау-Жамбыл және Павлодар Екібастұз аумақтық-өнеркәсіптік кешендері құрылды. 70-жылдардың басында кейінгі кезеңдердегідей ауыр сезіле қойған жоқ. 170тен астам өнеркәсіп кәсіпорны мен цех, оның ішінде Лисаков кен-байыту комбинаты, Шерубай-Нұра шахтасы, Талдықорған аккумулятор зауыты, бірқатар жеңіл және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары бой көтерді.

Қазақстанның халық шаруашылығындағы өндірістік және ғылыми-өндірістік бірлестіктер саны 1971–1985 жылдар ішінде 28 ден 162 ге, осы принциптермен жұмыс істейтін кәсіпорындар 97 ден 610 ға дейін жетті. Барлық шығарылған өнім көлемінің 46,7%-ы және өнеркәсіп пен өндірісте жұмыс істеушілердің 46,8 %-ы ғылыми-өндірістік бірлестіктер үлесіне тиді. Павлодар-Екібастұз, Маңғыстау, Қаратау-Жамбыл, Шымкент-Кентау тәрізді ірі аймақтық-өндірістік кешендер дәл осы кезеңде, яғни 70-жылдардың басында тұрғызылды. 1981–1985 жылдар ішінде әр түрлі министрліктер мен ведомстволардың жоспарлары 300 реттен астам түзетілді.

1975 жылы Алматыда Олжас Сүлейменовтың «Азия» («Ізгі ниетті оқырманның кітабы») атты еңбегі жарық көрді. Оның көптеген өзге зерттеулерден айырмашылығы сол – ақын бұл кітабында көне орыс әдебиетінің ұлы ескерткіші болып табылатын «Игорь жасағы туралы жыр» (XII ғасыр) «славяндық және түркілік этникалық әлем шекарасында дүниеге келген және шығармада екі көрші мәдениеттің шындықтары айқын көрініс тапқан» деген түйін жасайды. Нәтижеде «Азия» кітабы тауар айналымынан, кітапханалардан алынып тасталды, оның жаңа басылымдарына тыйым салынды.



В 1975 году издал литературоведческую книгу «Аз и Я. Книга благонамеренного читателя», получившую резко отрицательный резонанс в Москве, книга была запрещена, автор 8 лет не издавался и практически перестал писать стихи.

1982 жылы қарашада КОКП ОК Бас хатшысы Л. Брежнев қайтыс болғаннан кейін партия жетекшілігіне Юрий Андропов келді. Ол Кеңес Одағын 1984 жылға дейін ғана басқарды. Ю. Андропов мемлекет басшылығына келгенге дейін КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетін басқарған еді.



Андропов 1984 жылы ақпанда қайтыс болып, КОКП ОК Бас хатшылығына К. Черненко келді (1984-1985). Елді басқаруда әміршіл-әкімшіл әдістерге сүйенді. Сонымен 1970-1980 жылдардағы дағдарыс құбылысы қоғамдық өмірдің барлық саласында тереңдей берді.



-1970 жылы өзін-өзі ақтай алмаған колхоздар мен совхоздардың үлес салмағы 15% болса,

-1985 жылы бұл көрсеткіш 51%-ға жетті.

Мысалы, қойдың саны 1971-1981 жылдары 3,4 млн басқа өссе, -1981-1985 жылдары өсу тоқтаған. Қой етін өндіру 1970-1985 жылдары 19%-ға қысқарды, оның құндылығы да төмендеді.

-1970-1985 жылдар арасында өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі екі есеге өсті, ал машина жасау, химия өнеркәсібі өнімі үш есе артты. Мыңға жуық өнеркәсіп орындары мен цехтар іске қосылды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан тарихы. Очерктер. А., 1994.
2. Козыбаев М. История и современность. А. 1991.
3. Кунаев Д.А. О моем времени. А.
4. 1992 Берденева К.Ә., Кубаев Қ.Е. Кәрібай А.Ш. Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуы мен экономикалық даму негіздері. Оқу құралы А. 1998
5. www.google.com

